



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2023 жылғы 10 мамырдағы № ДС-147

Құрметті депутаттар!

Батыс Қазақстан облысындағы республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын реконструкциялау жобаларын инертті материалдармен қамтамасыз етуге қатысты сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Бағалар, битумды бөлу және қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты

Бұдан бұрын битуммен қамтамасыз етудегі негізгі проблема оның жеке трейдерлер арқылы өткізілуі болып саналды, олар битумның тиіп-жөнелтілуін реттеп, өздерінің баға саясатын белгіледі.

Алыпсатарларды жоққа шығару мақсатында 2022 жылдың наурызында Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен бірлесіп, ресурс ұстаушылармен битумды тиіп-жөнелту бойынша тікелей шарт жасасу жолымен битумды сату тетігін әзірледі.

Сондай-ақ бәсекелестікті дамыту және битумның шынайы нарықтық бағасын белгілеу мақсатында 2021 жылдың наурызынан бастап отандық битумды тауарлық биржалар арқылы айлық өндірудің 10 %-ы көлемінде сату басталды.

Автожол саласында битумның қажетті көлемін қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін 2022 жылдың қарашасында Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Энергетика министрлігімен бірге Жол битумымен және автожол жобаларын теміржол вагондарымен қамтамасыз ету жөніндегі жоспарды (*бұдан әрі – Жоспар*) бекітті.

Жоспарда битум тапшылығын және оның бағасының көтерілу мәселесін шешу бойынша келесідей шаралар көзделді:

Ресей Федерациясынан битум импортына тыйымды алып тастау;

Қазақстан Республикасынан битум экспортына тыйым салу;

2023 жылдың қаңтар-ақпанында битум дайындауға аванстар беру;

жақын арадағы 10 жылға битумға деген қажеттілікке болжамды қалыптастыру.

Жоспардың іс-шараларын іске асыру және құрылыс маусымы науқанында

битум тапшылығы тәуекелін азайту аясында оны дайындау 2023 жылдың қаңтарында басталды. Аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін мердігер ұйымдарға тиісті аванстық төлемдер жүзеге асырылады.

Бұған қоса, Ресей Федерациясынан жыл сайын 100 мың тонна жол битумын әкелу жөнінде уағдаластыққа қол жеткізілді.

Бұл ретте Ресей Федерациясынан импортталатын битумды тасымалдау бойынша бірыңғай операторды (трейдерді) белгілеу жөнінде сіздер ұсынып отырған шаралар оның қымбаттауымен, сондай-ақ аталған қызмет түрін монополияландырумен байланысты тәуекелдерге алып келуі мүмкін деп есептейміз.

Қиыршық тасты жеткізу үшін вагондармен қамтамасыз етуге қатысты

Өңірде карьерлердің болмауына байланысты жол-құрылыс жұмыстары үшін қиыршық тасты дайындау негізінен Ақтөбе облысынан теміржол көлігі арқылы жүзеге асырылады.

Батыс Қазақстан облысына қиыршық тас дайындау үшін 3505 бірлік жартылай вагон тартылды, оның 2 995-і «Қазтеміртранс» АҚ-на (*Ақтөбе облысынан жеткізуді жүзеге асырады*) және 510 бірлігі жеке паркке тиесілі.

Сонымен қатар «ҚазАвтоЖол» АҚ мердігер ұйымдармен бірлесіп, «Қазтеміртранс» АҚ және жеке ұйымдармен қосымша вагондар тарту бойынша келіссөздер жүргізуде.

Ағымдағы жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша барлығы 407 мың тонна қиыршық тас дайындалды, бұл 2023 жылға арналған жалпы қажеттіліктің (911 мың тонна) 44,7 %-ын құрайды. Бүгінгі күні аталған көлем автомобиль жолдарын реконструкциялау бойынша жобаларды жалғастыру үшін жеткілікті болып табылады, қалған көлемі өндірістік жұмыстардың графиктеріне сәйкес дайындалатын болады.

Ә. Смайылов